



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы « 31 » тамыз
Ақтөбе қ.

№ 274

« 31 » августа 2023 года
г.Актобе

*Білім, тәрбие беру ұйымдарының
эксперименттік және инновациялық
жұмыстарын, қосымша білім
беру бағдарламаларының енгізу,
жалғастыру, тоқтату,
оқу кабинеттерін паспорттау туралы*

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2023 жылғы 03 шілдедегі № 194, 2023 жылғы 08 тамыздағы № 264 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге қажетті жағдай жасау, білім, тәрбие беру үрдісін жаңғыртудың жаңа (инновациялық) әдіс-тәсілдерін, технологияларын енгізу, тәжірибе-эксперименттік, апробациялық жұмыстарды жүйелі, нәтижелі жүргізу, үйлестіру мақсатында, қалалық сараптамалық кеңестің 28.08.2023 жылғы № 2 хаттамасы негізінде, қала мектептерінің оқу кабинеттерінің жағдайын, олардың білім беру стандарттарының талабына

сәйкес дайындығын, оқу кабинеттерінің оқу әдістемелік талаптарының негізгі бағыттарына сай қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім, тәрбие беру ұйымдары басшыларына: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру кластарында (1-11 кластар) оқу үрдісі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама) 2023-2024 оқу жылында жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты, мектепалды даярлық сыныптарында Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы әзірлеген «2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда және мектепалды даярлық сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты (2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама) негізінде ұйымдастырылып жүргізілсін.
2. Бекітілсін, рұқсат етілсін (келісім берілсін), жалғастырылсын, тоқтатылсын):
 - 2.1. Мектеп режимі, тәжірибе-эксперименттік, апробациялық жұмыстар, педагогикалық зертхана, шеберхана, шебер кластар, элективті, арнаулы курс, вариативтік компонент, қосымша ақылы білім беру бағдарламалары (№1 қосымша);
 - 2.2. Мектепке дейінгі білім беру бойынша бағдарламалары (№2 қосымша);
 - 2.3. Қосымша білім беру бағдарламалары (№3 қосымша);
3. Қала мектептерінің оқу кабинеттері білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес паспортталсын, жалғастырылсын, тоқтатылсын (№4 қосымша).
4. 2023 жылдың 01 қыркүйегінен бастап № 49 «Думан» бөбекжай-балабақшасында тіл мүкестігі бар балалармен оқу үдерісінде жұмыстану үшін логопункті ашу бойынша жұмыстансын.
5. № 10 жалпы білім беретін орта мектебінің құжаттар портфолиосы Ақтөбе облысының білім басқармасы комиссия отырысының қарауына ұсынылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Ақтөбе қаласының
білім бөлімі басшысы**



М.Косымбаева